




Бекітемін:
Мектеп директоры:
М.А.Умбеталин

«29» 08 2022ж

Келісемін: 
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Е.О.Килибаев
«29» 08 2022ж

Қаралды:хаттама №
ӘБ жетекшісі: 
Қ.С.Абдуллина
«29» 08 2022ж

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің
тарих пәні мұғалімі С.О.Жумабаеваның 2022-2023 оқу жылындағы
10-класқа арналған класс сағаттарының жоспары

Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	ҚР Ата заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР Білім туралы заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
5	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
6	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
7	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Максаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және				

конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен карау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	01.09.2022ж
2.	«Қазақстан –ортak үйіміз»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.10.2022ж.
3.	«Желтоқсан алауы- Тәуелсіздік бастауы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	15.12.2022ж
4.	«Сыбайлас жемқорлық деген не?»	пікірталас	Сынып жетекші Сынып оқушылары	19.01.2023ж

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;

түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
4	«Ұстазым, менің ұстазым»	бейнеқұттықтау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	06.10.2022ж
5	«Адал өмір сүру абзал қасиет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	12.01.2023ж
6	«Адам болам десеңіз...»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	30.03.2023ж

7	«Ана тіршілік бастауы»	бейнеқұттықтау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	09.03.2023ж
8	«Имандылық тәрбие негізі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.04.2023ж

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
9	«Наурыз мерекесі»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	16.03.2023ж
10	«Кекшіл болма көпшіл бол»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	02.03.2023ж
11	«Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	08.09.2022ж
12	«М.Әуезовтың 125 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары	08.12.2022ж
13	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»		Сынып жетекші	04.05.2023ж

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
14	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	22.12.2022ж
15	«Оқушы өміріндегі отбасының рөлі»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.01.2023ж

16	«Отбасы – тәрбие бастауы»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары, мектеп медбикесі	15.09.2022ж
5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту Міндеттері: мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына; экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға; еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	«Мамандылыққа бейімділікті анықтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	29.12.2022ж
18	«Табиғат қалай сенің жағдайың»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	22.09.2022ж
19	«Мамандық таңдап үлгердіңізбе?»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	02.02.2023ж
20	«Экологияны ластамаңыз, жас жеткіншек!»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.04.2023ж
21	«Арайлы алтын күз» күзгі дәнді дақылдарын экибана жасап, суретке түсіріп, галамтор желісіне жариялау.	Бал	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.10.2022ж
6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. Міндеттері: өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне; сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне; зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;				

Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;
Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет
қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
22	«Дін және мәдениет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	09.02.2023ж
23	«Ғаламтордың зияны пен пайдасы»	пікірталас	Сынып оқушылары	29.09.2022ж
24	«Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ»	Эссе	Сынып жетекші Сынып оқушылары	06.04.2023ж
25	«Жемқорлыққа жол жоқ»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	11.05.2023ж

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
26	«Сабыр түбі сары алтын»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.10.2022ж
27	«Әдептілік әдемілік»	тренинг	Сынып жетекші Сынып оқушылары	17.11.2022ж
28	«Ақын болу міндет емес, адам болу міндет»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	16.02.2023ж
29	«Роза Бағланованың 100 жылдығы»	Танымдық сабақ	Тарих пәні мұғалімі	24.11.2022ж
30	«Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.04.2022ж
31	«Театр сабақтары»	жобасы аясында	Сынып жетекші	25.05.2022

		Балалар және театр ертегілерден көріністер ұйымдастыру	Сынып оқушылары	
8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты Максаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Міндеттері: денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
32	«Дені сау адам табиғаттың ең үлкен жемісі»	Медбике кеңесі	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.04.2023ж
33	«Фасфудтың зияны»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.11.2022ж
34	“Бала құқығы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	23.02.2023ж
35	«Құқық бұзушылықтың алдын алу»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	18.05.2023ж
36	«СПИД ғасыр дерті»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	01.12.2022ж

2022-2023 оқу жылында 10-класс оқушыларымен жыл бойына атқарылған тәрбие жұмысының талдауы

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімі С.О. Жумабаева

Жыл басында 2022-2023 оқу жылына класс сағаттарының жоспары жасалып, сол жоспар бойынша класс сағаттардың жұмыстары жүргізілді. 10-класта 6 оқушы, оның екуі қыз бала, төртеуі ер бала. Бір оқушы екпінді, бес оқушы орташа оқиды.

Қыркүйек айында 01.09.22 ж - «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» ашық сабақ түрде өтті. Осы сабақ: өскелең ұрпақтың білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру, жаңа оқу жылында жақсы оқуға мотивация беру мақсатында өтті. Сабақты сергіту сәтті «Көршіге-комплимент» арқы бастадым. Оқушылар бір-біріне өз есімін атап, жылы лебіз білдіреді. Келесиде видеороликтер көрсетілді «Арманға мақсатқа жету» бейнежазбаны көріп, өз пікірлерін тұжырымдап айтып кетті. Осы сабақта оқушылар ойлана отырып ойлауды және топ бойынша бірлеск түрде ынтымақтастықта жұмыс жасадық.

08.09. «Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 2022 жылы қазақ халқы көрнекті тұлға, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуын кең көлемде атап өттік. Бұл — тек тарихи дата ғана емес, қазақ халқының рухани жаңғыру жолындағы маңызды кезең. ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуі де — оның еңбегінің әлемдік деңгейде мойындалуының белгісі. Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығын атап өту — ұлт тарихына, тіліне, мәдениетіне деген құрметтің көрінісі. Ол – өткеннің тұлғасы емес, бүгінгі күн мен болашаққа жол көрсететін рухани көшбасшы. Оның ұлағаты мен мұрасы мәңгі жасай береді.

19.09 – Отбасы күніне арналған класс сағаты «Отбасы-тәрбие бастауы» инфоурок түрде өтті. Оқушылар өздері видеоролик құрастырды. Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орны ерекше екендігін түсіндіру. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру, отбасы мемлекетіміздің бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен ұжымдыққа тәрбиелеу мақсатында өткізілді.

Және отбасы күніне арналған отбасы сайысы өткізілді. Дене шынықтыру пәні мұғалімдер ұйымдастырып, әр кластан бір отбасы қатысты. 10-класс оқушының Орал Ернарды4 отбасы қатысты, екінші орынға ие болды.

22.09-«Табиғат қалай сенің жағдайың» Сабақтың мақсаты: оқушылардың табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсініктерін кеңейту. • Ізгілікті, жауапкершілікті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. (дөңгелек үстел) осы сабақта Қазақстанның экологиясын ортаға салып, дөңгелек үстел түрде өтті. Үлкен проблемасын қозғалтып, ол ауылдың ластануы. Қоқыс әсіресе пакеттер және судың ластануы. Оқушылардың шешімі: өз Өлкені ең бастысы ластану, қоқыстарды шашпау, пакеттерді жинау, аулды тазалау. Бұлаққа барып тазалау жұмыстарды жүргіздік.

29.09- «Ғаламтордың зияны мен пайдасы» Мақсаты: Оқушыларды ғылым мен ғалымдардың қоғамға тигізетін ықпалы туралы ойландыру, ғылыми жаңалықтардың пайдасы мен кері әсерін саралай білуге баулу. Ғалымдардың еңбегі — адамзат игілігіне қызмет етуі тиіс. Әр ғылыми жаңалықтың екі жағы бар: пайдалы және зиянды. Оны дұрыс

қолдану — адамзаттың қолында. Оқушылар ғылымға қызығушылық танытып, оның жауапкершілігін сезіне білуі қажет. «Егер мен ғалым болсам...» тақырыбында шағын эссе немесе бір сөйлеммен ой қорытынды жасады.

06.10 - «Ұстаз-ұлы есім» бейне құттықтау, концерт түрде өтті. Оқушыларды өздігінен жұмыс жүргізе білуге машықтандыру және келешек өмірлерінде әр нәрсеге жауапкершілікпен қарауға, өздеріне білім беріп, әріп, жазу үйреткен ұстаздарына деген құрметтерін білдіруге, ұстаз еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу мақсаты.

13.10 - «Арайлы алтын күз» күзгі дәнді дақылдарын экибана жасап, суретке түсіріп, ғаламтор желісіне жариялады.

20.10 – «Қазақстан - ортақ үйіміз» - біздің өзіміз де, біздің бабаларым да осы жерді мекен етеді. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда түрлі халық қол ұстасып, достық жырын жырлап, тыныш, бейбіт өмір сүріп жатыр. Сан ұлттың мекені болған мемлекетіміздің алар асуы алда. Бірлігі бекем елдің болашағы нұрлы, келешегі кемел. Әрдайым осы бірлігімізден айырылмай, татулығымыздан танбай, жұбымызды жазбай, болашаққа бірге қадам баса берейік. Біздің ортақ үйіміздің шаңырағы шайқалмасын. Ел тыныштығы бұзылмай, бейбіт елдің берекесі арта берсін!

Сабақта BilimLand сайтынан тамаша бейнефильм көрсетілді. Келешекте осы сайттан осындай мағыналы, пайдалы мәліметтер алып, білімдерінді шыңдай беріндер дегім келеді.

27.10 – «Сабыр түбі сары алтын» - Сабақ мақсаты: Оқушыларға сабырлық, ұстамдылық секілді адами қасиеттерді ұғындыра отырып, оның ішкі тыныштығы құндылығын сезіне білуге әсер ететінін түсіндіру. Оқушыларда сабырлық, ұстамдылық қасиеттерін дамыту; Оқушыларды ақыл - ойдың тазалығына жан тыныштығын қалыптастыруға тәрбиелеу. Ресурстар: оқулық, дәптер (аудио, видео жазбалар)

Қараша айында 10.11.22 ж - «Фасфудтың зияны» класс сағат түрде өтті. Оқушыларға фасфудтың қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, зиянды әдеттен барынша аулақ болуға шақыру. Фасфудтың адам өміріне зиянды әсерін аша отырып, олардың сана – сезімдерін тәрбиелеу және салауатты өмір сүруге азаматты жауапкершілітерін орнықтыру мақсатында өткіздік.

17.11 - «Әдептілік әдемілік» Оқушыларды адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліпшесін бойына дарыту. «Әдеп», «әдептілік» туралы түсініктерін кеңету мақсатында тәрбие сағаты түрде өткізілді. Сабақта оқушылар адам баласының бойында жақсы да, жаман да қасиеттер болады екен. Бізге ақылдылықты, адалдықты, қарапайым - кішіпейілділікті, инабаттылықты, шыншылдықты үлкендер үйретеді. Ол - біздің ата - анамыз, ақсүтін бере отырып, ана тілімен үйретеді. Біз оны түсініп, ата - баба салт, әдеттерін үйренеміз. Адам болатын бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез әдеттерден, ұнамсыз қылықтардан аулақ болуға тырысуы керек. Сонында оқушыларға бейнеролик көрсетілді.



24.11. «Роза Бағланованың 100 жылдығы» 100 жылдығына арналған кеш ұйымдастырдық. Оқушылар Роза Бағланованың өмір баяның және өнерін көрсеті бейне баян арқылы.

01.12. «СПИДТ ғасыр дерті» Тәрбие сағатының мақсаты: Адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі СПИД дертінің алдын-алу,оның жұғу жолдарын одан сақтана,қорғана білу туралы түсіндіру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа тәрбиелеу. Соңғы жылдары жер шары халықтарының назары XX ғасырдың отбасы аталған СПИД (иммунитет жетіспеушілік синдромы) дертіне аууда, қазірдің өзінде ондаған мың адамдардың өмірін жойған осы бір қатерлі ауру жайында жұмыр жердің түкпір-түкпірінде күн сайын хабар бермей отырған бірде-бір газет, журнал, теледидар немесе радио торабы жоқ.Бұл дерттің қара бұлты бүкіл жер шарын басып келеді.Сондықтан осы аурудың алғашқы және негізгі белгілері,одан сақтану жолдары,аурудың алдын-алу және емдеу тәсілдерін білгеніміз жөн.

08.12. - Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу. Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу,ой-өрісін , рухани жан дүиесін байыту. Ойын ашық білдіру, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру мақсатында.

Оқушылар топқа бөліп Мұхтар Әуезовтің өмір жолын оның, қызметін жәнешығармаларын талдап шықтық.

15.12 «Желтоқсан алауы- Тәуелсіздік бастауы» дөңгелек үстел. Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздікке қол жеткізудегі алғашқы қадам Желтоқсан оқиғасының 36 жылдығы қарсаңында «Желтоқсан алауы –Тәуелсіздік бастауы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде 8-10 класс оқушылары арасында еркін диалог өтті. Іс-шара барысында желтоқсан оқиға туралы фильм көрсетіп, қызықтыратын барлық сұрақтарға жауап беріп, презентацияларын көрсетіп, тақырып аясында қысқаша баяндама жасады.

Іс – шараның мақсаты – оқушылардың патриоттық және азаматтық жауапкершілігін, жоғары адамгершілігін тәрбиелеп өз отанының тарихына мақтанышпен қарап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.



20.12 «Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» фото суреттер сайысы. Осы класс сағата оқушылар фото суреттерді таныстырып, өз отбасын таныстырды.

29.12 «Мамандыққа бейімділікті анықтау» Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту;
Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Жақын арада әрқайсыңыз мамандық таңдау мәселесіне тап боласыз және өздеріңіз білетіндей 10 - сыныпта бағдарлы оқыту сыныбына көшесіз. Бүгінгі кешімізде біз осындай маңызды тақырыптарға тоқталамыз, мамандық, болашақ таңдайтын бағдарымызды таңдау стратегиясы жөнінде, кәсіби өмірлік бағытты жобалау туралы әңгімелейтін болдық. Мамандық таңдау кезінде ескерілетін факторға тоқтатық және дұрыс шешім қабылдауды үйренеміз. Бұл ретте оқушылар өз ойларымен бөлісіп, тың пікірлері мен ақыл - кеңесін айтуға шақырулы қонақтар мен таныстырып өтті.

12.01 «Адам өмір сүру абзал қасиет» оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан,ақылды,шыншыл,қайырымды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Адам атаулының жақсы қасиеттерінің бірі-адалдық,ол өмірде қымбат асыл қасиет,асыл мінез,ашық,шыншыл қарым-қатынас. «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше,шындықтың уын ішіп өлген артық» деген Бауыржан Момышұлы сөзбен сағатымды бастадық.

Адамда асыл қасиеттерімен қатар жағымсыз қасиеттер де болады.Олар-жалқаулық,өзімшілдік,күншілдік,сараңдық,қорқақтық,менмендік,қатыгездік ашу,ызақорлық. Осы сабақта оқушылар өз ойларын ортаға салды.

19.01 - «Сыбайлас жемқорлық деген не?» Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Осы сабақта оқушылар жұптық жұмыс арқылы өз пікірлерін ортаға салады. Әр түрлі ситуациялар және бейнероликтер көрсетілді. Видеоролик бойынша «Біз сыбайлас жемқорлықпен қалай күресеміз?» тақырыбында жұптар постер қорғайды.

26.01- «Оқушы өмірдегі отбасының рөлі» Отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін түсіндіре отырып, үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін түсінуге тәрбиелеу.Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынысты нығайту. Мектеп ұстаз және ата-ана бірлігін нығайту мақсатында тәрбие сағаты өткізілді. «Ашық микрофон» арқылы оқушыларға отбасы туралы сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтулы.

02.02 «Мамандық таңдап үлгердіңіз бе?» Мамандық таңдау еркіндігі жағдайында оқушыларға өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, көмек көрсету, кәсіп таңдау мәдениетін қалыптастыру мақсатында өткізілді. Оқушыларға Бес саусағыңыздың суретін айналдырып сызып шығыңыз

ұсындым. Әр саусаңыз белгіленген жерге SMART-тың шарттары бойынша мамандық таңдаудағы өз мақсаттарыңызды жазыңыз.

Кеңестер:

1. Ең бірінші оқушы өзіне деген сенімін және өзін -өзі құрметтей білуі керек.
2. Өзіңіздің шын тілегіңізді аша біліңіз. Өзіңізге сұрақ қойыңыз: «Шынымен маған не қажет?» «Қайда жұмыс жасағым келеді?»
3. Мамандық алу және маман болу үшін көп нәрсені үйренуің керек. Мамандықтардың талаптары туралы білуге, содан кейін жеке қасиеттеріңмен сәйкестендіру, яғни кәсіби жоспар жасау. (Сіз кіммен араласасыз? Соның бәріне мынандай сұрақ қойыңыз: Ол қайда оқыды? Неге бұл мамандықты таңдады? Ол мамандық ұнай ма? Ұнаса, неге ұнайды?)
4. Өзіңнің мамандануыңдағы ең басты да түпкі жетістігіңді анықта. (Қазіргі замандағы мамандықтардың маңызы не? Кез келген жағдайда мамандық әлемінде қажетті болу және өмір сүруге не керек?)
5. Кез келген арманды іске асыра біл.
6. Сізге, мемлекет үшін де, қоғам үшін де- компьютерлік сауаттылық, тілдер білу және адамдармен тіл табысып, оған қоса өзінді жақсы білуің керектігін.

Бес қадам маңызды жолдағы дұрыс қадам- қоғамда сіздің қажетті болуыңызға және арманыңыздың орындалуына себебін тигізері сөзсіз. Мамандық таңдауда оның 5 қадамын жоспарлайды.

09.02 «Дін және мәдениет» Ортағасырлық Қазақстандағы әр түрлі діни наным-сенімдер туралы, ислам дінінің таралуы, оның мәдениеттің дамуына тигізген әсері туралы түсінікті қалыптастыру мақсатында сабақ өтті. АКТ арқылы мәліметерді өз бетінше іздестіріп, оқушылар білімдерін арттып, өз ойларын айтты.

16.02 «Ақын болу міндет емес, адам болу міндет» Өзін бағалай алатын, басқаларды сыйлай алатын, адамгершілігі бар, салауатты өмір салтын сақтайтын,

жағымсыз әлеуметтік факторларға қарсы тұра алатын, зиялы және саналы тұлғаны тәрбиелеу. «Адам болу» тәрбие бағдарламасының негізгі міндеті:

жаңа азаматтың рухани-адами құндылықтарын қалыптастыру мақсатында өткізілген тәрбие сағаты.

23.02 «Бала құқығы» Мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру. Сабақта оқушылар құқық бұзышылық туралы көрініс көрсеті және әр түрлі құқық бұзышылық ситуациялардан қалай шығуға ойларын айтты.



02.03 «Көкшіл болма көпшіл бол» Мақсаты: Оқушыларды кішіпейілділікке, қарапайымдылыққа, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлік пен татулықтың маңызын ұғындыру. Өту формасы: Сұхбат, пікірталас, сахналық көрініс, топтық жұмыс.

Сынып жетекшісі оқушыларға «Көкшіл болма, көпшіл бол» мақалын түсіндіре отырып, көпшіл болудың адам өміріндегі маңызына тоқталды. Оқушылар топтарға бөлініп, түрлі жағдаяттар бойынша өз пікірлерін білдірді. Бір топ «көкшіл» — яғни тек өз мүддесін ойлайтын адамның мінезін сипаттап көрсетті, екінші топ көпшіл, кішіпейіл, көпшілікпен тіл табыса алатын адам туралы ой қозғады. Оқушылар өз ойларын ашық айтып, пікір алмасты. Көріністер арқылы нақты өмірлік жағдайларды сахналап көрсетті. Сабақ соңында қорытынды жасалып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді бағалау керектігі айтылды.

Оқушылар көпшіл болудың қоғамдағы рөлі мен маңызын ұғынды. Тәрбие сағаты оқушыларды өзара сыйластыққа, ұжымдас болуға, менмендіктен аулақ болуға тәрбиелеуге септігін тигізді.

Мұндай тақырыптағы тәрбие сағаттарын пікірталас, рөлдік ойындармен жалғастыру, оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

09.03 «Ана тіршілік бастауы» - Оқушыларға ана туралы терең түсінік беру, ананың өмірдегі алатын орны мен қадір-қасиетін ұғындыру;

Анаға деген сүйіспеншілік, құрмет, ризашылық сезімдерін ояту; Эстетикалық тәрбие беру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Оқушылар тәрбие сағатына дайын күйде жиналды. Кіріспе сөз айтылып, сабақтың мақсат-міндеттері түсіндірілді. Оқушылар аналар туралы өлеңдер оқыды, мақал-мәтелдер айтып, көріністер көрсетті. Анаға арналған әндер орындалып, бейнероликтер көрсетілді. “Анаға хат” шығармашылық тапсырмасы арқылы оқушылар өз ойларын, сезімдерін жеткізді. Ана туралы ұлы адамдардың нақыл сөздері талданды.

Диалог және пікірталас жүргізілді: “Анаң саған не үйретті?”, “Анаға деген шексіз махаббат”.

Сабақ соңында оқушылар аналардың еңбегін бағалай білу керектігін, әрқашан құрметпен қарау керектігін айтып, сабақтан рухани әсер алғандарын жеткізді. Оқушылар бір-бірінің ана туралы ойларын тыңдап, өзара пікір алмасты.

Сыныптағы оқушылар тәрбие сағатына белсенді қатысып, аналарға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін көрсете білді. Эстетикалық және рухани тәрбие беруге қол жеткізілді. Сабақ мақсаты толық орындалды.

16.03 «Наурыз мерекесі» - Мақсаты: Оқушыларға Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылығын арттыру, ұлтжандылық пен құрметке тәрбиелеу.

Өткізілу түрі: Ашық тәрбие сағаты (интерактивті форматта)

Қатысқандар: 10-сынып оқушылары, сынып жетекшісі, ата-аналар (қаласа), мектеп әкімшілігі

Құралдар: Слайд-презентация, ұлттық тағамдар үлгілері, салт-дәстүр элементтері (тұсаукесер, бата беру, ұлттық ойындар)

1. Кіріспе: Сынып жетекшінің Наурыз мерекесінің шығу тарихы, мағынасы туралы қысқаша таныстыруы.

2. Оқушылардың баяндамалары:

"Наурыздың тарихы"

"Ұлттық тағамдар мен салт-дәстүрлер"

"Наурыз және табиғатпен үндестік"

3. Көрініс: "Көкөністер мен дәнді дақылдардың" кейіпкерлері арқылы Наурыз көженің жасалуы туралы сахналық көрініс.

4. Ұлттық ойындар: Арқан тарту, асық ату (қысқаша түрде).

5. Қорытынды: Ұлттық бата беру, жақсы тілектер айту.

оқушылар мерекенің ұлттық рухани мәнін түсінді. Белсенділік танытып, көрініс қоюда, баяндама жасауда жоғары ынта көрсетті. Тәрбие сағаты оқушылардың мәдени және рухани дамуына оң әсерін тигізді.

06.04 – «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» “Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Осы сабақта оқушылар жұптық жұмыс арқылы өз пікірлерін ортаға салады. Әр түрлі ситуациялар және бейнероликтер көрсетілді. Видеоролик бойынша «Біз сыбайлас жемқорлықпен қалай күресеміз?» тақырыбында жұптар постер қорғайды.

13.04 – Ғарышкер күніне арналған класс сағаты «Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы» инфоурок түрде өтті. Оқушылар өздері видеоролик құрастырды.

20.04- «Дені сау адам табиғаттың ең үлкен жемісі» Адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру. Осы сабақта оқушылармен тренинг жаттығулар және ойындар өткізілді

27.04 - «Имандылық тәрбие негізі» «Әрбір ақылды адамға иман парыз, әрбір иманды адамға ғибадат парыз » Абайел болуға ұмтылған» Ипиграф сөзімен бастадық класс сағатын. Бүгінгі қазақ елінің алдындағы ең өзекті, ең негізгі мәселе болып отыр. Ал жас ұрпақтың жүрегіне имандылық дәнін сеуіп, оны одан әрі дамыту мұғалімдердің бірден-бір парызы болмақ. Әрбір ұстаз имандылық иірімдерін дінмен байланыстырғанда ғана түпкі.

04.05«Қазыбек бидің 355 жылдығы» Сабақтың мақсаты: Оқушыларға Қазыбек би Келдібекұлының өмірі мен шешендігі, оның халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, әділ қазы, қоғам қайраткері болғандығы жайында мағлұмат беру, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Сабақтың нәтижесі: Оқушылар Қазыбек бидің өмірі мен шешендігі, оның халықаралық дәрежедегі елші-дипломат, әділ қазы, қоғам қайраткері болғандығы жайында ақпарат алады, еркін сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

11.05 «Жемқорлыққа жол жоқ» - Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру;- Сыбайлас жемқорлыққа әкеп соғатын себептер мен жағдайларды жою; - Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу; - Саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой-пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

18.05 «Құқық бұзушылықтың алдын алу» Оқу мақсаты Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын біледі; Құқық бұзушылықты болдырмау жолдарын үйренеді;

Сабақ мақсаттары Барлық оқушылар орындай алады: Құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын түсінеді, өз ойын жеткізеді; Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Құқық бұзушылықтың алдын алу баптарын біледі; Кейбір оқушылар орындай алады: Тыңдалым арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу жолдарын айта алады

25.05-«Театр сабақтары» Мақсаты:театр-ойынына қызығушылықты ояту ;әр баланың сезімін қалыптастыру ;театр түрлері жайлы білімдерін бекіту (драмалық,куыршақ); Жаңа терминдермен таныстыру (актёр, режиссёр, драмтеатр); бір-біріне мейірімділігін, эмоционалды-жағымды қарым-қатынасты тәрбиелеу. Сабақта оқушылар театр терминдермен танысты, бейнеролік көрсетілді және АКТ арқылы театр саяхатқа спектакль көрсетілді